

Қазақстан Республикасының "электрондық үкіметті" дамытудың 2008 - 2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашадағы N 1155-1 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 302 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік қызмет көрсетулерге жылдам әрі сапалы қол жетімділігін қамтамасыз ету және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану жолымен мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының "электрондық үкіметті" дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Мемлекеттік, орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) Бағдарламада көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жарты жылдың қорытындылары бойынша жылына екі рет 10 қаңтарға және 10 шілдеге Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігіне ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

3 0

қ а р а ш а д а ғ ы

N

1 1 5 5 - 1

қ а у л ы с ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының "электрондық үкіметті" дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған
БАҒДАРЛАМАСЫ Астана, 2007 жыл**

Мазмұны

1. Бағдарламаның паспорты
2. К і р і с п е
3. Проблеманың қазіргі заманғы жай-күйін талдау "Электрондық үкімет" қалыптастыру бағдарламасын іске асыру нәтижелері
Қазіргі проблемалар және шетелдік оң тәжірибені шолу
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері
 - 5.1. Мемлекеттік ресурстарды басқарудың автоматтандырылған жүйесін құру
Корпоративтік басқару функцияларын автоматтандыру
 - е - Қ а р ж ы н ы ң к і ш і ж ү й е с і
 - е - Э к о н о м и к а н ы ң к і ш і ж ү й е с і
 - е - К а д р л а р д ы ң к і ш і ж ү й е с і
 - 5.2. Мемлекеттік қызметтердің базалық санаттарын автоматтандыру
 - G4C электрондық қызметтерін дамыту
 - G4B электрондық қызметтерін дамыту
 - G4G электрондық қызметтерін дамыту"Электрондық әкімдіктер" құру және дамыту
 - 5.3. Электрондық үкіметтің базалық инфрақұрылымын және қол жеткізу тетіктерін дамыту
 - Бірыңғай көліктік ортаны дамыту
 - "Электрондық әкімдіктер" инфрақұрылымын құру және дамыту
 - Қол жеткізу тетіктерін дамыту
 - Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
 - 5.4. "Электрондық үкімет" базалық құрамдас бөліктерін дамыту
 - Ұлттық есепке алу жүйелерін құру және дамыту
 - "Электрондық үкімет" порталы мен шлюздерін дамыту
 - Ашық кілттердің инфрақұрылымын дамыту
 - 5.5. "Электрондық үкімет" сәулетін әзірлеу және әлеуметтік институттарын қалыптастыру, АКТ саласындағы стандарттардың қорын дамыту
 - "Электрондық үкімет" сәулеті элементтерін әзірлеу
 - "Электрондық үкімет" әлеуметтік институттарын қалыптастыру
 - АКТ саласындағы стандарттар мен регламенттердің қорын дамыту

- 5.6. "Электрондық үкімет" нормативтік-құқықтық базасын қамтамасыз ету
- 5.7. "Электрондық үкімет" дамыту және жай-күйін бақылау және мониторингі жүйесін құру
- АКТ дамыту және жай-күйінің индикаторлары жүйесі
- "Электрондық үкімет" тиімділігін бағалау
6. Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері
7. Күтілетін нәтижелер және Бағдарламаның индикаторлары
- Қ о с ы м ш а
8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы	Қазақстан Республикасының "Электрондық үкімет" дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасы
Өзірлеуге арналған негіздер	1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарының 150-тармағы. 2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламаларын және Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 364-тармағы
Бағдарламаны өзірлеуге жауапты мемлекеттік	Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі о р г а н

Мақсаты	Әлеуметтік мәні бар мемлекеттік қызметтерді ұсынудың үдерістерін және мемлекеттік басқарудың сапасы мен тиімділігін арттыру.
Міндеттері	<p>Мемлекеттік корпоративтік басқарудың қағидаттарын енгізу;</p> <p>бизнес үшін талап етілетін және азаматтар үшін әлеуметтік маңызды мемлекеттік қызметтерді ұсынудың үдерістерін автоматтандыру және ықпалдастыру;</p> <p>"электрондық үкімет" базалық инфрақұрылымы мен қол жеткізу тетіктерін кеңейту және дамыту;</p> <p>"электрондық үкімет" базалық құрамдас бөліктерін дамыту;</p> <p>"электрондық үкіметтің" сәулетін әзірлеу және әлеуметтік институттарын қалыптастыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы стандарттардың қорын дамыту;</p> <p>ақпараттандыру үдерістерінің нормативтік құқықтық базаларын қамтамасыз ету және электрондық мемлекеттік қызметтерді беру;</p> <p>мемлекеттік органдардың қызметін бақылау мен мөлдірлігін арттыру</p>
Іске асыру мерзімі	2008-2010 жылдар

Қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздері	<p>2008-2010 жылдарға арналған Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен 22952853 мың теңге көлемінде бөлінген, оның ішінде Республикалық Бюджеттік Комиссиямен 2008 жыл үшін - 13053606 мың теңге, 2009 жыл үшін - 7822020 мың теңге,</p>
--	--

2010 жыл үшін - 2077227 мың теңге
қаражат бағытталатын болады.
Бағдарламаның іс-шаралары жоспарымен
көзделген 2009 және 2010 жылдар үшін
нақты жобаларды қаржыландырудың көлемі
бюджеттік заңнамада белгіленген
тәртіппен бекітілген
техникалық-экономикалық
негіздемелермен анықталатын болады,
бірақ алдын-ала талдауларды талап
етеді.

Күтілетін
нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:
мемлекеттік ресурстарды басқарудың
тиімділігін 20 % дейін арттыру;
автоматтандырылған мемлекеттік
қызметтерді көрсету кезінде:
мемлекеттік ресурстарды басқару
үдерістерінің шынайылығы мен
автоматтандырылған мемлекеттік
қызметтерді көрсету 30 % дейін
жоғарылайтын;
шағымдардың саны 90 % дейін;
көрсетілетін қызметтердің нәтижесін
күтудің уақыты 50 % дейін
қысқартылатын болады;
элеуметтік маңызды электрондық
қызметтер - 14 санаттар бойынша,
бизнеске аса қажетті 8 санаттары
бойынша, ресурстарды мемлекеттік
басқарудың тиімділігіне жету үшін
4 санаттары бойынша
көрсетілетін болады;
электрондық мемлекеттік қызметтерді
көрсету кезінде жеке және заңды
тұлғалардың еркіндігі мен
конституциялық құқықтарын қорғау үшін
қазіргі құқықтық база қамтамасыз
етілетін болады;

мемлекеттік органдарды
ақпараттандыруға бөлінген бюджеттік
қаражаттарды пайдаланудың тиімділігі
30 % дейін жоғарылайтын болады;
пилоттық аумақта ресурстарды басқарудың
мемлекеттік автоматтандырылған жүйесі
енгізілетін болады;
"электрондық үкімет" инфрасәулеті
кеңейтілетін болады, Қазақстан
Республикасының барлық қалаларын,
сондай-ақ аудан орталықтарын қамтитын,
2008 жылдың аяғына қарай осындай
нүктелердің саны кемінде 200-ді
қ ұ р а й д ы ;
Қазақстан Республикасының ұлттық
сәйкестендіру жүйесінің ашық
кілттерінің инфрасәулеті құрылатын
б о л а д ы ;
ұлттық электрондық есепке алу жүйесі
қ ұ р ы л а т ы н б о л а д ы ;
2008 жылы "электрондық үкімет" төлем
шлюзі өнеркәсіптік пайдалануға
енгізілетін болады, 2010 жылы
транзакциялық қызметтердің саны
автоматтандырылған интерактивтік
қызметтердің санынан 70% - дейін
жеткізілетін болады.

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.31. N 452
Қаулысымен.

2. Кіріспе

Осы Қазақстан Республикасының "электрондық үкіметті" дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарының 150-тармағы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламаларын және Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 364-тармағына сәйкес әзірленді.

"Электрондық үкімет" (бұдан әрі - "ЭҮ") бағдарламасы негізіне іске асырудың кезекті кезеңінің - мемлекеттік басқарудың сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында оны дамыту халықаралық тәжірибені есепке ала отырып, әкімшілік реформаны жеделдетіп жүргізу - Президенттің 2007 жылғы 27 ақпандағы "Жаңа Әлемдегі Жаңа Қазақстан" атты Қазақстан халқына Жолдауынан (бұдан әрі - Президент Жолдауы) туындайтын тоғызыншы міндеттерді шешімі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі - АКТ) құралдарының көмегімен қолдау тұжырымдамасы қаланды. Бұл үшін Президенттің Жолдауында айтылғанындай "қоғамға корпоративтік басқару нәтижелігін, мөлдірлік пен есептілік қағидаттарында мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа моделін құру қажет. Корпоративтік басқару қағидаттары, бірінші кезекте мемлекеттік ресурстарды басқару тәртібінің және мемлекеттік органдардың (бюджеттік бағдарламалары, тапсырыстары) жобаларының портфелінің мемлекеттік болуын болжамдайды. Мемлекеттік органдардың (бұдан әрі - МО) қызметін басқару үшін нәтижелерге бағытталған бюджеттеу (бұдан әрі - НББ) және үдерістік әдіс мемлекеттік корпоративтік мәдениеттің нормалары болуы тиіс.

ЭҮ шеңберіндегі әкімшілік реформа - бұл ережелер мен нұсқаулықтарға негізделген әкімшілік басқару әдістерінен мемлекеттік қызметтерді, мемлекеттік функцияларды және ведомствоаралық өзара іс-қимылды үдерістік регламенттеу негізіне ұйымдастырушылық басқару әдістеріне көшу мақсатында АКТ негізінде мемлекеттік басқарудың тетіктерін тиімді қайта айқындау. ЭҮ дамыту шеңберіндегі әкімшілік-ақпараттық реформаның мақсаты "қағаздық" іс жүргізуден арылуда, мемлекеттік ресурстарды корпоративтік басқаруда, МО-ға үдерістік әдісті енгізу үшін әдістеме мен ақпараттық-технологиялық құралдарды құруға негізделеді. ЭҮ іске асырудың - оны қалыптастырудың бірінші кезеңінің нәтижелері - халық пен бизнеске сапалы қызметтерді көрсетудің тиімді үдерістерінің негізі сияқты мемлекеттік органдарды корпоративтік басқарудың функцияларын автоматтандыру үшін ықпалдастырылған платформаларды құрудың қажеттілігін көрсетті.

Қоғамның тұтынушылығын қамтамасыз ету мақсатында, Бағдарламаның негізінде - МО іске асырылған функцияларының орындалуы немесе Президенттің Жолдауында айтылғанындай мемлекеттік қызметтердің (базалық) санаттарына аса талап етілетін автоматтандыруға бағытталған, ЭҮ бағытталған моделіне - қызмет көрсетуді дамытудың тұжырымдамасы жасалды, барлық

азаматтар мен бизнес - мемлекеттік қызметтердің бас тұтынушыларының талаптарына бағынуы тиіс. Осы тұжырымдаманы іске асыру мақсатында Бағдарлама ықпалдастырылған ақпараттық жүйелерді (бұдан әрі - БАЖ) енгізу және ЭҮ технологиялық инфрақұрылымын дамыту, ЭҮ ресурстары мен қызмет көрсетулеріне қол жеткізудің түрлерін кеңейтуге, экономикалық дамуға ықпал ететін бизнес үшін аса талап етілетін қызметтерді автоматтандыру, азаматтардың өмірінің сапасын арттыру мақсатында халыққа әлеуметтік-маңызды электрондық қызметтерді көрсетудің үдерістерін автоматтандыруды және МО қызметінің реинжинирингін көздейді.

Іске асырылған мемлекеттік функциялардың көпшілігінің төменгі тиімділігі және атап айтқанда, ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің бытыраңқылығынан "қағаздық" құжат айналымның шарттасқан мемлекеттік қызметтері. Сондықтан мемлекеттік қызметтерді көрсету тіркеу құжаттарының көшірмесін, анықтама нысанында ақпаратты растау, немесе ведомствоаралық жинауды талап етеді. Бұдан басқа ақпараттарды жинауға немесе растауға байланысты барлық шығындар өтінім берушіге немесе қызмет алушыға жүктеледі.

ЭҮ құру және дамыту мұндай шығындардан құтылуға мүмкіндік береді - тіркеу және (немесе) рұқсат құжаттарын ұсыну қажет, артық анықтамалардың санын қысқартады, рутиндік, стандартталған мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде мемлекеттік қызметкерлердің жұмысын жеңілдетеді және бюджеттік шығындарды біршама қысқартады. Сондықтан да МО ақпараттандыру әкімшілік реформасыз жүргізілуі мүмкін емес. Жалпы мемлекеттік, әкімшілік және ведомствалық есепке алу жүйелерін бір бірыңғай ортаға біріктіретін ұлттық электрондық есепке алудың ықпалдастырылған жүйесі құрылатын болады. Мемлекеттік қызметтерді автоматтандырудың тізбегі мен кезеңінің анықтамасы, автоматтандырудың басымдығын анықтау және олардың жіктемесінің негізінде МО ақпараттандырудың ведомствоаралық бағдарламаларының негізінде болады. МО, өздерінің бизнес-процестерін реинжинирингтеу және автоматтандырудың нәтижесінде ЭҮ инфрақұрылымының ықпалдастырылған мүмкіндіктерін - шлюзді, ұлттық электрондық есепке алу жүйесін, МО бірыңғай көліктік ортаны пайдаланылатын болады. Бұл халыққа және бизнеске электрондық қызмет көрсетудің айтарлықтай қажетті (базалық) санатын көрсету үшін ведомствоаралық өзара іс-қимылды тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, ЭҮ шеңберінде азаматтардың дербес деректерінің қауіпсіздігін, транзакциялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көңіл бөлінетін болады. ЭҮ сервис - бағытталған моделін іске асырудың адекваттық нормативтік құқықтық базасы құрылатын болады. Нәтижелері бойынша басқарудың, мемлекеттік басқарудың стратегиялық бақылаудың құралдарын енгізу үшін қажетті жағдайлар жасау және үдерістік әдіс негізіне МО бизнес-үдерістерін басқару тәртібін жүйелі

енгізуге мүмкіндік беретін ЭҮ сәулетінің негізгі элементтері құрылатын болады. Бұл мемлекеттік басқаруды ұйымдастыруға жалпы шығындарын қысқартады және тиімділігін біршама арттыруға мүмкіндік береді - ЭҮ енгізудің экономикалық мәнін ақтайды, мемлекеттің бәсекеге қабілеттігін жоғарылатады.

АКТ тұтас және ЭҮ бөлігінде дамыту индикаторларының жүйесі әзірленетін болады. МО қызметінің мөлдірлігі мен тиімділігін бағалау үшін индикаторлардың әзірленген жүйесі негізінде Қазақстан Республикасында ақпараттандыру саласындағы бағдарламалардың іске асырылуын бақылау және тұрақты мониторингі жүргізілетін болады.

Бағдарламада мынадай қысқартулар мен ұғымдар пайдаланылады:

ЭҮРБАЖ

- Ресурстарды басқарудың автоматтандырылған жүйесі - (өз қызметін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдармен пайдаланылатын қаржылық, материалдық және адамзаттық ресурстар), барлық мемлекеттік органдар үшін және "электрондық үкімет" қолданбалы базалық құрамдас бөліктері болып табылатын автоматтандырылған бизнес-үдерістері

ВРМ

- бизнес-үдерістерді басқару (Business Process Management) - бұл ұйымдастырудың стратегиялық мақсаттарымен келісетін тұрақты нәтижелерге жетуді қамтамасыз ететін бизнес-үдерістердің автоматтандырылғандары мен автоматтандырылмағандары сияқты айқындауға, бейнелеуге, құжаттандыруды орындауға, мониторингке, бақылау және өлшеуге тәртіптік қадамы;

ВРМН

- бизнес-үдерістерді моделдеудің арнайы тілі (Business Process Modeling Language);

IT

- Ақпараттық технологиялар (Information Technologies)

МДҚ

- мемлекеттік деректер қоры;

Г А Ж	- геоақпараттық жүйе;
М О	- мемлекеттік орган;
Б А Ж	- бірыңғай анықтамалар мен ж і к т е у і ш т е р ;
ЭҚАБЖ	- электрондық құжат айналымының б і р ы ң ғ а й ж ү й е с і ;
Б К О	- бірыңғай көліктік орта;
А К т	- ақпараттық-коммуникациялық торап;
А К И	- ашық кілттердің инфрақұрылымы;
С Ж	- ұлттық сәйкестендіру жүйесі;
Ұ Е Ж	- ұлттық есепке алу жүйесі
Ұ К О	- ұлттық куәландырушы орталық;
С М Ж	- сапа менеджменті жүйесі;
М О К О	- мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығы;
Х Қ О	- халыққа қызмет көрсету орталығы;
Э Ц Қ	- электрондық цифрлық қолтаңба;
Э Ә	- электрондық әкімдік;
G4C	- азаматтарға мемлекетпен ұсынылатын қызметтердің түрі (Government For C i t i z e n) ;
G4B	- бизнес-секторға мемлекетпен берілетін қызметтердің түрі (Government For Business);
G4G	- мемлекеттік органдарға мемлекетпен берілетін қызметтердің түрі (Government For Government);
"Электрондық үкімет" сәулеті	- мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құрудың бірыңғай үдерістерін, мемлекеттік ұйымдар арасындағы ақпарат алмасуы мен үйлесімділігінің бірыңғай қағидаттарын сипаттайтын тұжырымдамалық құрылған моделі;
Бизнес-үдеріс (үдеріс)	- өзара байланысқан қызмет түрлерінің белгілі бір технологиялар арқылы тұтынушы үшін құндылықты елестетуде шығысты кірісті қайта жасайтын орнықты, мақсатты жиынтығы;

Медиа-ажыраулар	<ul style="list-style-type: none"> - құжаттарды электрондық нысаннан қағазға және керісінше нысаннан түрленгізу қажет болғанда қызметтерді беру үдерісінде қағаз және электрондық құжат айналымының к е з е к т е с у і ;
Модель	<ul style="list-style-type: none"> - графиттік, кестелік, мәтіндік, нышандық суреттеу немесе олардың өзара байланысқан жиынтығы;
Ұлттық есепке алу жүйесі	<ul style="list-style-type: none"> - 1) есепті енгізудің заңнамалық бекітілген ережесі; 2) іс жүргізу қаражатын, есеп логикасын іске асыратын АКТ қосымшасын қоса алғанда есептің енгізілуін қамтамасыз ететін қ а р а ж а т ; 3) есептің барлық түрін (жалпымемлекеттік, әкімшілік және ведомстволық есеп жүйелері) біріктіретін жүйе.
Есепке алудың пәні	<ul style="list-style-type: none"> - Есепке алуды жүргізу шеңберінде деректерді жинақтауға және сақтауға жататын субъектілер, заңды фактілер, объектілер немесе нақты ж а ғ д а я т т а р ;
Үдерістік әдіс	<ul style="list-style-type: none"> - өзара байланысқан үдерістер жүйесі ұйымының қызметін және ресурсын басқару үшін қолдану;
Мемлекеттік қызметтерді көрсету регламенті	<ul style="list-style-type: none"> - мемлекеттік органдардың, басқа мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың қызмет тәртібін, олардың құрылымдық бөлімшелерін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі лауазымды тұлғаларды анықтайтын нормативтік құқықтық акті;
Реинжиниринг	<ul style="list-style-type: none"> - қызметінің негізгі көрсеткіштерінде түбегейлі жақсаруға қол жеткізу үшін ұйымдастырудың

бизнес-үдерістерін орнықты өзгерту;
Есептік оқиға - есеп деректерінің кез келген
ө з г е р і с і ;
Электрондық - толық немесе айтарлықтай
мемлекеттік автоматтандырылған (медиа-ажыраулар
қызметтер ұстамайтын) мемлекеттік қызметтер;
XML - ақпараттарды сипаттау үшін
белгілеудің кеңейтілген тілі
(Extensible Markup Language);

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Ақпараттық қоғамды құру - 2003 жылғы 21 желтоқсанда ақпараттық қоғам мәселелері бойынша жоғары деңгейде Бүкіләлемдік кездесудің женевалық кезеңі барысында әлемдік жетекшілермен қабылданған женева декларацияда айтылғандай, жаңа мың жылдықтың ғаламдық міндеті. Қазақстан ақпараттық қоғамды құру жолында. Осы бөлімнің мақсаты - шешілмеген міндеттерді анықтау, өткен жолдың нәтижелерін сыны талдау.

ЭҮ қалыптастырудың бағдарламасын іске асырудың нәтижелері.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған бірінші бағдарламасы электрондық үкіметтің техникалық инфрақұрылымын құруды өзінің негізгі міндеттері деп санады, сондай-ақ, ЭҮ базалық құрамдас бөліктерін (портал, шлюздер, БКО, МДҚ) құру. ЭҮ қалыптастырудың бағдарламасын іске асыру нәтижелері бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

Астана қаласы бойынша МО БКО пилоттық аймағы тұрақты пайдалануға қ а б ы л д а н д ы ;

барлық облыс орталықтарын, сондай-ақ Алматы, Астана қалаларын қамтитын деректерді беру мультисервистік спутниктік желісінің пилоттық жобасы іске а с ы р ы л д ы ;

орталық мемлекеттік органдар арасында ЭҚАБЖ енгізу аяқталды, атап айтқанда ЭҚАБЖ 38 мемлекеттік органдарда енгізілді;

деректер қорының жүйесін құрайтын "Жеке тұлға" МДҚ, "Занды тұлға" МДҚ , "Мекен-жай тіркелімі" МДҚ, "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" МДҚ, " Мекен-жай тіркелімі" ақпараттық жүйесі, ЭҮ порталы мен шлюзіне жататын, ЭҮ базалық құрамдас бөліктері құрылды;

төлем шлюзін, ҰБЖ құруды аяқтау жөніндегі жұмыстар жүргізілуде; мемлекеттік органдардың электрондық қызметіне аса кеңейтілген қол

жеткізілімді қамтамасыз ету мақсатында 1186 қоғамдық қол жеткізу пункттері қ ұ р ы л д ы ;

ЭҮ ақпараттық кезеңін іске асыру аяқталды, ЭҮ веб-порталы арқылы берілетін ақпараттық қызметтерді тұрақты өзектілеу қамтамасыз етілуде;

мемлекеттік органдардың 20 интерактивтік қызметтерін іске асыру қ а м т а м а с ы з е т і л д і ;

саны 50 адамнан асатын халқы бар 7305 ауылдық елді мекеннің 6643-і телефондандырылды, телефондық тығыздық 100 тұрғынға 18,5 телефонға дейін ж е т к і з і л д і ;

2007 жылдың соңында Интернетке қосылған мектептердің саны 95%-ға ж е т к і з і л е т і н б о л а д ы ;

АКТ саласындағы білім деңгейін арттыру шеңберінде мектептердегі 1 компьютерге келетін 54 оқушылар саны 25-ке азайтылды, қашықтан оқытудың спутниктік арнасына қосылған мектептер саны 8,7%-дан 21%-ға көбейтілді;

Мобилдик телефон байланысының абоненттері жылдық өсімінің жоғарғы көрсеткіштері - 123,5% ж е т т і .

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының 42 мемлекеттік органы МО БКО желісіне қосылған, олар қамтамасыз ететіндер:

Астана қаласы бойынша электрондық құжат айналымы бірыңғай жүйесінің ж ұ м ы с і с т е у і н ;

"Жеке тұлға", "Заңды тұлға", "Мекен-жай тіркелімі", "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік деректер қорының жұмыс істеуін;

ЭҮ веб-порталының жұмыс істеуін;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының бірінші басшылары арасында бейнеконференцбайланысты қамтамасыз ету;

ЭҮ басқару институттары АКТ (бұдан әрі - АКТ) саласындағы кез келген табысты бизнес-институттары сияқты эволюциялық кемелдену: бастапқы, басқарушы, анықталған және оңтайландырылған деңгейінен өтеді. ЭҮ бір кемелдену деңгейінен басқасына көшу мынадай тіке нәтижелер: - Қазақстан Республикасында "электрондық үкіметті" іске асыру жөніндегі кезекті бағдарламаларды қабылдаумен және бұрынғы құрамдас бөліктерін жетілдірумен, жаңа сапалы технологиялық құрамдас бөліктерін толықтырумен, аймақтық к е ң е й т у м е н б е л г і л е н е д і .

ЭҮ қалыптастырудың бағдарламасын іске асырудың нәтижелері бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

ЭҮ кемелденуінің екінші деңгейіне толықтай қол жеткізілді. ЭҮ контурлары анықталды - табыстың әртүрлі дәрежелерінің базалық құрамдас бөліктері, сондай-ақ, ЭҮ негізгі технологиялық сәулеті анықталды және соңғы және тікелей нәтижелерінің терминдерінде ЭҮ іске асырудың стратегиялық көрінімі

қ а л ы п т а с т ы р ы л д ы .

Кемелденудің үшінші кезеңіне жету кезінде ЭҮ базалық құрамдас бөліктері мен электрондық қызметтердің дербес жобаларының қосындысы сияқты болжанбайды, стандартталған талаптар мен іске асырудың жоспарының бірыңғай ортасы ұсынылады. Кемелденудің жоғарғы деңгейіне өту мемлекеттік корпоративтік басқарудың базалық элементтерін енгізуге мүмкіндік береді, мемлекеттік қызметтердің көптеген басымдық санаттарының сапасы мен тиімділігін елеулі түрде арттыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте ЭҮ сәулеті осы кезеңдегі міндеттерді тиімді шешудің негізгі құралдары болып табылады.

Төменде кестелік нысанда ЭҮ-ті іске асырудың жүйелік ландшафты ЭҮ-нің сапалы жаңа технологиялық құрамдастары терминдерде, өрістету мен тиісті іс-қимылдар - қалыптасу, даму және оңтайландыру деңгейлерінде берілген. Кесте. ЭҮ технологиялық құрамдас бөліктерінің жүйелік ландшафты.

Жылдары	2005-2007	2008-2010	2011-2013
Таралу деңгейі	T1	T1-T2	T1-T2-T3
Базалық құрамдас бөліктері	Қ1	Д1-Қ2	О1-Р2-Қ3
Инфрақұрылым	Қ1	Д1-Қ2	О1-Р2-Қ3
е- G4C, G4B, G4G қызметтері	Қ1	Д1-Қ2	О1-Р2-Қ3
ААЖ	-	Қ1	Д1-Қ2
ЭҮРБАЖ	-	Қ1	Д1-Қ2
МО БҰБ жүйесі	-	Қ1	Д1-Қ2
ЭҮ басқару жүйесі	-	Қ1	Д1-Қ2
ҚР ЭҮ бағдарламасы	Қалыптастыру	Дамыту	Оңтайландыру
ЭҮ кемелдену деңгейі	Белгіленген II	Басқарылатын III	Оңтайландырылған IV

Мында келесі белгілер пайдаланылады: Қ - қалыптастыру, Д - дамыту, О - оңтайландыру; T1 - орталық, T2 - облыс орталықтары, T3 - аудан орталықтары; Қі, Ді, Оі - ЭҮ технологиялық құрамдас бөліктерін қалыптастыру, дамыту мен оңтайландырудың тиісті бағдарламаға қарасты, $i=1, 2, 3$ деңгейдегі Ячейкадағы сызық осы құрауыштың ЭҮ кемелденуінің осы деңгейінде іске асырылмағанын (іске асырылмаған, ұсынылмайды немесе іске асырылуы мүмкін емес) білдіреді.

ЭҮ инфрақұрылымын дамытудың бөлігінде кейбір бағыттармен бірге бірқатар міндеттерді шешуді талап етеді:

1) электрондық қызметтерді ұсынуға мемлекеттік органдардың дайындығының бөлігінде:

мемлекеттік қызметтерді "жеткізуші" сияқты мемлекеттік органдардың бизнес-үдерістерін қайта реинжинирингті жүргізу керек;

Электрондық қызметтерді іске асыру үшін қоры сияқты, мемлекеттік қызметтерді жүйелеу және тіркелімін бекіту;

2) ЭҮ инфрақұрылымын кеңейту мен дамыту бөлігінде: жергілікті атқарушы органдарға электрондық қызметтер көрсету үшін БКО-ны аудандық деңгейге дейін жеткізу арқылы инфрақұрылым құру: өндірістік ауқымдағы ЭЦҚ пайдалану үшін электрондық қызметтердің құқығын қамтамасыз етумен нормативтік базаны бекіту;

ұтқыр телефон байланысы/құралдарының ақпараттық ресурстары мен сервистеріне қол жеткізуде толық ауқымды пайдалануды енгізу;

3) Электрондық мемлекеттік қызметтерді берудің институционалдық базасын қамтамасыз ету бөлігінде:

ЭҮ құрамдас бөліктерін өндірістік пайдалану үшін нормативтік базаны толық көлемде қамтамасыз ету;

ақпараттық ресурстар мен жүйелердің ЭҮ әлеуметтік институттарын қалыптастыру үшін нормативтік құқықтық базаны және АКТ-жобаларының тәуелсіз аудитінің институтын құру;

4) МО ақпараттандыру бағдарламаларын іске асыру және мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде МО қызметінің мөлдірлігін қамтамасыз ету бөлігінде:

АКТ саласын дамыту және жай күйінің көрсеткіштері және индикаторларының ұлттық жүйесін әзірлеуді жүзеге асыру;

Мониторинг мен бақылауды жүзеге асыру және сонымен МО қызметтерінің мөлдірлігін қамтамасыз ету үшін МО ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін, ЭҮ жүйесін және жай-күйін бақылау мен жүйесін әзірлеуді жүзеге асыру.

Қазіргі проблемалар және шетелдік оң тәжірибені шолу

ЭҮ дамыту және МО ақпараттандырудың өзара байланысқан мәселелері - ЭҮ дамытуға МО дайындығының негізгі келесі мәселелерін бөлектеу керек:

1) негізгі және әкімшілік-шаруашылық қызметін автоматтандырудың кешендік және әмбебаптық жүйелерінің болмауынан, ресурстарды корпоративтік мемлекеттік басқарудың тәртібі жоқтығынан, ресурстарды мемлекеттік басқарудың тиімсіздігінен көптеген МО өндірістік еңбегі төменгі орында. Қазіргі жағдайда МО ресурстарды басқарудың автоматтандырылған жүйесі ескірген есепке алу, бақылау және жоспарлау әдістері бойынша анықтау тиімсіз;

2) электрондық мемлекеттік қызметтерді ұсыну қазіргі уақыттағы қоғамда әлеуметтік-маңызды болып табылмайды. Бір жағынан, әлеуметтік-маңызды қызметтер автоматтандырылмаған, қызметкерлердің штаттық санының өсуіне,

көптеген бюджеттік шығындарға, мемлекеттік басқарудың сапасының төмендеуіне әкеледі, екінші жағынан;

3) аймақтарды қамтитын БКО инфрақұрылымының жоқтығынан, электрондық қызметтерге қол жеткізудің әртүрлі тетіктерінің жоқтығынан ішкі ведомстволық және ведомствоаралық ақпараттық жүйелерді біріктіру мүмкіндігі пайдаланылмайды, автоматтандырудың "құрақ" санын көбейтуге әкеледі, МО пайдалану және оларға қызмет көрсету бойынша білікті мамандардың жеткіліксіздігін көбейтеді, оларды құру кезінде көптеген артық шығындар т у д ы р а д ы .

Бүгінгі күні ЭҮ құру мен дамыту мәселелерімен жетекші орындағы әлемнің көптеген елдері АҚШ, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания, Франция, Австралия айналысады. Қазақстан Республикасының жағдайына бейімделуі мүмкін ЭҮ дамыту міндеттерін шешудегі шетелдік оң тәжірибе күштерді мынадай тұжырымдамалық бағыттар бойынша шоғырландырумен қорытындыланады (жақшада осы бағыттар бойынша өте жақсы әсер қалдыратын сәттіліктерге қол жеткізген елдер көрсетілген):

1) Ресурстарды мемлекеттік басқару (АҚШ, Сингапур) тиімділігі мен мөлдірлігін арттыру мақсатында жетекші-елдердің үкіметтік құрылымдары тарапынан 2002 жылдан бастап сұраныс үздіксіз өсетін ресурстарды басқарудың корпоративтік жүйесін енгізу;

2) АКТ пайдалану ЭҮ енгізудің жалғыз факторы болып табылмайтындықтан бизнес-үдерістерді қайта реинжингтеу мен автоматтандыруды, әкімшілік реформаны келісімді кешенді өткізу (АҚШ, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания - SPRINT әдістемесі, Германия, Жапония, Канада) ;

3) қазіргі АКТ стандарттары негізінде ЭҮ бірыңғай порталында МО бизнес-үдерістерін басқару және электрондық сервистерді біріктіру үшін BPM жүйелерін енгізу (АҚШ, Оңтүстік Корея);

4) электрондық құжат айналымын, төлем транзакцияларын жеңілдету, электрондық мемлекеттік сатып алуды дамытуды ынталандыру үшін электрондық қолтаңбалар пайдалануды нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-техникалық ілгерілету (Австралия, Сингапур, Оңтүстік К о р е я) ;

5) ең алдымен көпшілігі транзакциялық қызмет болып табылатын әлеуметтік-маңызды мемлекеттік қызметтердің базалық санаттарын автоматтандыру (ЕО елдері);

б) автоматтандырылған мемлекеттік қызметтерге, үкіметтік және әкімшілік ақпараттарға қол жеткізу тетіктерін қамтамасыз ету және кеңейту (АҚШ, ЕО елдері, Оңтүстік Корея);

7) мемлекеттік сайттар мен порталдарға қатысушы азаматтардың жеке мәліметтерін қорғау, халықтың ЭҮ мүмкіндіктері туралы хабардарлығын арттыру (АҚШ, ЕО елдері);

8) ЭҮ әлеуметтік институттарын, атап айтқанда электрондық мемлекеттік сатып алу институтын, ақпараттық жүйелер аудиті институтын қалыптастыру, ЭҮ іске асырылуын басқарудың тиімді институттарын ұйымдастыру (Ұлыбритания, Германия, АҚШ);

9) электрондық мемлекеттік қызмет сапасын бағалау және мониторинг, ЭҮ дамуының кемелденуін, МО ақпараттандыру үдерістерін бағалау (АҚШ, Сингапур, ЕО елдері).

Жүргізілген әкімшілік реформа өз кезегінде электрондық үкіметті дамытудың басымдық бағыттарын түсінуге және анықтауға мүмкіндік береді. Электрондық үкімет пен әкімшілік реформасының сәулетін өзара сәйкестендіру ақпараттық қоғамның мультипликативтік тиімді болады.

Қазақстанның халықаралық тәжірибе мен үздік тәжірибелерге сүйене отырып халықаралық серіктестермен бірнеше рет белгіленген жалпы әлемдік үрдістер есебімен ЭҮ дамытуда екенін ескеру қажет.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты "электрондық үкіметті" дамыту жолымен мемлекеттік қызметтерді берудің үдерістерін және мемлекеттік басқарудың сапасы мен тиімділігін арттыру болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

- 1) мемлекеттік корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу;
- 2) азаматтар үшін әлеуметтік-маңызды және бизнес үшін талап етілетін мемлекеттік қызметтерді ұсынудың үдерістерін автоматтандыру және ықпалдастыру;
- 3) "электрондық үкіметтің" базалық инфрақұрылымын және қол жеткізу тетіктерін кеңейту және дамыту;
- 4) ЭҮ базалық құрамдас бөліктерін дамыту;
- 5) ЭҮ сәулетін әзірлеу және әлеуметтік институттарын қалыптастыру, АКТ саласындағы стандарттардың базасын дамыту;
- 6) ақпараттандыру үдерістерінің нормативтік-құқықтық базасын қамтамасыз ету және электрондық мемлекеттік қызметтерді беру;
- 7) МО қызметінің ашықтығы мен бақылауын арттыру.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары және тетіктері

Жоғарыда қойылған міндеттердің шешімі Бағдарламаны іске асырудың мынадай негізгі бағыттары мен тетіктері бойынша тиісінше жүзеге асырылатын б о л а д ы :

1) ЭУ құрамдас бөліктері сияқты басқарудың мемлекеттік корпоративтік, ЭУ РБАЖ кең ауқымды енгізудің регламенттері мен ережелерін әзірлеу тетіктерін пайдаланумен мемлекеттік басқарудың автоматтандырылған жүйесін құру;

2) МО ақпараттық жүйелерін ықпалдастыру, ЭУ төлемдік шлюзінің көмегімен транзакциялық автоматтандырудың тетіктерін пайдалана отырып, мемлекеттік қызметтердің базалық санаттарын автоматтандыру;

3) облыстық және ірі қалаларға дейін БКО кеңейту және АКТ құрудың тетіктерін пайдалана отырып ЭУ базалық инфрақұрылымын және қол жеткізудің т е т і к т е р і н д а м ы т у ;

4) ҰЕЖ, ГАЖ-платформасын құру және дамытудың тетіктерін пайдалана отырып, ЭУ базалық құрамдас бөліктерін дамыту;

5) ЭУ басқару және дамыту институттарын қалыптастыру, ЭУ стандарттарын және әдістемелік базасын, ЭУ сәулетінің элементтерін, ЭУ стандарттары мен әдіснамалық базасын әзірлеу, ЭУ дамыту мен басқару институттарын жаңалау негізінде ЭУ дамытудың келісілген техникалық саясатын қамтамасыз ету тетіктерін пайдалана отырып, АКТ саласындағы стандарттардың базасын дамыту , ЭУ сәулетін әзірлеу және ЭУ әлеуметтік институттарын қалыптастыру;

6) нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту тетіктерін пайдалана отырып ЭУ дамытудың нормативтік құқықтық базасын қамтамасыз ету;

7) ЭУ дамытудың мониторингі мен бақылау жүйесін енгізу тетіктерін пайдалана отырып ЭУ мониторингі мен бақылаудың жай-күйі және даму жүйесін қ ұ р у .

ЭУ қалыптастыру Бағдарламасы бойынша аяқталмаған жобаларды орындау жалғастырылатын болады. МО мен әкімдіктердің электрондық мемлекеттік қызметтер беруге бағытталған ақпараттық жүйелерді қалыптастыру мен дамыту жалғастырылатын болады. Отандық ІТ-компаниялар қызметтерін басымдық пайдалану Бағдарламаны іске асыру сияқты елдің ІТ саласын дамыту к а т а л и з а т о р ы б о л у ы т и і с .

Бағдарламаны іске асыру нәтижелеріне дербес жауапкершілік мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларына жүктелетін болады.

5.1. Ресурстарды басқарудың мемлекеттік автоматтандырылған жүйесін құру

МО ресурстарын басқару мәселелерін шешуде, ресурстарды корпоративтік басқару қағидаттарын енгізуде, басқарудың үздік әлемдік практикалары мен

халықаралық стандарттарын енгізуде кешенді және жүйелі қатынас қажет. Ресурстарды басқаруды автоматтандыруға кешенді және жүйелі қатынас барлық МО үшін ортақ тиісті бизнес-үдерістерді зерттеу, талдау, бірдейленгізу және осы бизнес-үдерістерді стандарттау автоматтандырудың орталықтандырылған сәулетін таңдауда қорытындыланады. Автоматтандыруға өнеркәсіптік қатынас модульдік, ауқымды және күйге келтірілетін мемлекеттік басқарудағы өнеркәсіптік пайдалануда тексеруден өткен бірыңғай бағдарламалық құралдарды пайдаланумен қорытындыланады. Өнеркәсіптік қатынастан автоматтандыруға экономикалық нәтиже мерзімдерін оңтайландыру, ресурстарды мемлекеттік басқарудың барлық деңгейінде мемлекеттік функцияларды атқару кезінде жауапкершіліктің мөлдірлігі мен шектеулілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін енгізу толық функционалды ықпалдастырылған шешімдер алу есебінен қол жеткізілетін болады. Ресурстарды басқаруды қамтамасыз ету үшін отандық және шетелдік өндірістің нақты бағдарламалық өнімдерін таңдау мен енгізу олардың МО алдына қойылған міндеттерге сәйкестігіне ұсыныстарды және ЭҮ жалпы жүйелік ландшафтында біріктіру мүмкіндігін мұқият талдаудан кейін ж а с а л а т ы н б о л а д ы .

Мемлекетті жедел басқарудың функцияларын автоматтандыру, сондай-ақ елдегі экономикалық және саяси оқиғалардың мониторингі мен бақылау мақсатында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі үшін жағдайлық орталық жүйесін әзірлеу жоспарлануда.

Корпоративтік басқару функцияларын автоматтандыру

Бағдарламаны іске асыру барысында корпоративтік басқару функцияларын автоматтандыру үшін МО арасындағы қайталанатын ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ағымдарды алып тастау, барабар ақпараттық және қолданбалы инфрақұрылымдарын қамтамасыз ету мақсатында МО бар ақпараттық жүйесі талдауға алынатын болады. Әрбір МО үшін мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен мөлдірлігін қамтамасыз ету мақсатында ЭҮРБАЖ функционалдық талаптар мамандандырылатын болады. Мемлекеттік корпоративтік басқару регламенттері мен ережесі әзірленетін болады, мемлекеттік ресурстарды басқарудың бизнес-үдерістеріне қайта инжинирингтеу өткізілетін болады.

Барлық МО үшін басқару функцияларын немесе корпоративтік басқару функцияларын автоматтандыру Бағдарламаның аса басымдық міндеті болып табылады. Корпоративтік басқару функциялары - бұл, ең алдымен жоспарлау, бюджеттеу, мемлекеттік сатып алулар мен кадрларды басқару. Корпоративтік басқарудың мемлекеттік функцияларын тиімді атқару үшін Бағдарлама МО корпоративтік басқарудың бизнес-үдерістерін кешенді автоматтандыру - ЭҮ құрамдас бөліктері сияқты е-Қаржы, е-Экономика, е-Кадрлардың кіші жүйесінен тұратын ЭҮ РБАЖ енгізуді қарастырады. ЭҮ РБАЖ пилоттық аймақта

өнеркәсіптік пайдалануға енгізілетін болады, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді және келісіледі.

Е-Қаржының кіші жүйесі

Ескерту. Тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.31 № 2321 Қаулысымен.

Мемлекеттік мекемелердің қаржылары мен активтерін тиімді және мөлдір басқару мақсатында ЭҮ РБАЖ жүйесінің е-Қаржылар кіші жүйесі шеңберінде МО қаржыларын басқару үдерістері автоматтандырылатын болады. Бұл үшін қаржыларды басқару үдерістерін бірегейлендіру үшін мынадай шарттар қ а м т а м а с ы з е т і л у і т и і с :

1) есепке алуды жүргізу және есептілік бойынша бірыңғай талаптарды белгілейтін МО және нормативтік құқықтық акті үшін бірыңғай есепке алуды жүргізу саясатын әзірлеу және бекіту;

2) **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.12.31 № 2321 Қаулысымен.**

Е-Қаржылар кіші жүйесін енгізу қаржы, бөлігінде Бас кітапты жүргізуге, қаржылық есептілікті топтастыруға, бюджеттің орындалуын бақылауға, табыстарды, жағдайларды, қолда барды, ішкі және сыртқы қарыздарды, қаржылық аудитті қамтамасыз ету тәуекелділігін, мемлекеттік қызметшілердің жалақысымен есеп айырысуын қамтамасыз етуге қатысты барлық басқарылатын бизнес-үдерістерді орталық деңгейде толық біріктіру қарастырылатын болады. Е-Қаржылар кіші жүйесі толық иелену циклын қоса алғанда: сатып алу (құрылыс), жалға алу, ұстау, жөндеу, сақтандыру, сату, шығынға жазу, құнын қоса алғанда, барлық қажетті тарихи параметрлерімен қорлардың паспорттарын жүргізу, мемлекеттік мекемелердің мүлкін (ғимарат, құрылыс, негізгі құралдар) орталық есепке алуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік мекемелердің қаржылары мен активтерін тиімді және мөлдір басқару мақсатында техникалық тапсырма әзірленетін және Қазақстан Республикасы Қазынашылығының (Қазынашылықтың АЖ) ақпараттық жүйесінде мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есептерін біріктіруді қамтамасыз етуге мүмкіншілік беретін мемлекеттік мекемелердің қаржылары мен активтерін басқару жөніндегі бірыңғай бағдарламалық өнім енгізілетін б о л а д ы .

Е-Қаржылар мен Қазынашылықтың АЖ кіріктіру барлық МО бойынша активтер, талаптар мен жағдайлар жөніндегі сенімді және салыстырмалы ақпаратқа ие болуына мүмкіндік береді. Бұл сонымен қатар есептерді толық көлемде қалыптастыруды, есептердің артық санын қысқартуды, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен берілетін салыстырмалық есептердің сенімділігін тексеруді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Е-Қаржылар кіші жүйесін енгізудің басты мақсаты қаржылық есептіліктің

толықтығын, өз уақтылығын және сенімділігін, сондай-ақ оны қалыптастыру бойынша функциялардың қосарлануын қысқартуды қамтамасыз ететін мемлекеттік мекемелердің қаржыларын басқарудың және активтерін есепке алу тұтастығын құру болып табылады.

Е-Экономиканың кіші жүйесі

ЭҮ РБАЖ е-Экономиканың кіші жүйесі мемлекеттің экономикасын жедел және стратегиялық басқару мақсатында жоспарлау және бюджеттеу үшін негізгі құрал болады. Е-Экономиканың кіші жүйесі нәтижеге бағытталған бюджеттеуді қолдау тетігі көмегімен мемлекеттің орта мерзімді қаржылық жоспарын (перспективада - ұзақ мерзімді бюджетті жоспарлаумен) Мемлекеттік дамыту стратегиясымен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Е-Экономиканың кіші жүйесінде мемлекеттік жоспарлау үдерістерін басқарудың иілмелі жүйесі, есеп айырысу жүргізу мен сценарияларды моделдеу мүмкіндігі, жоспарлау үрдісіндегі іс жүзіндегі және статистикалық деректерге қол жеткізілімді ұйымдастыру, әртүрлі талдаулық кесінділерде жоспарларды қалыптастыру іске асырылатын болады. Регламент пен жауапкершілікті бөлу тұрғысынан жоспарлау үдерістеріне бақылау тетігі іске асырылатын болады. Бюджетті түзетудің тиімді рәсімдері мен орта мерзімді "жылжымалы" жоспарлау қамтамасыз етілетін болады. Е-Экономиканың кіші жүйесінде бюджеттік қызметтерді көрсету үдерісінде тұтас басқару тұжырымдамасын ақпараттық қолдау қарастырылатын болады.

Е-Кадрлардың кіші жүйесі

ЭҮ РБАЖ е-Кадрлардың кіші жүйесін енгізудің мақсаты персоналды басқаруда үздік әлемдік практикаларды енгізу болып табылады. Е-Кадрлардың кіші жүйесі кадрларды басқару жөніндегі қызметінің барлық аспектілерін қоса алғанда мемлекеттік қызметтің ақпараттық жүйесінің ықпалдастырылған және тұтас дерекқорларын құруға мүмкіндік береді: персоналды таңдау, жалдау, оқыту, аттестациялау, тігінен және көлденеңінен ауыстыру, көтермелеу және шара қолдану, резервтерді қалыптастыру. Мемлекеттік қызметтің кадрлық әлеуетін басқаруды орталықтандыру кадрлар жөніндегі талдау жұмыстарын орындауға, функцияларын, мақсаттарын, әрбір мемлекеттік қызметшілердің, МО бөлімшесінің, тұтас МО-ның, мемлекеттің деңгейіндегі міндеттерін, егжей-тегжейлі жоспарлауға мүмкіндік береді.

Е-Кадрлардың кіші жүйесі іссапарларды, еңбек демалыстарын, жұмыс күні табельдерін ресімдеу үшін Интернет бойынша өзінің ақпараттық ресурстары мен сервистеріне жойылған қол жеткізу мүмкіншілігін беретін болады. Е-Кадрлардың кіші жүйесі өндірістік емес мақсаттарға персоналдың уақыт шығынын азайтуға, менеджерлерге персоналды басқаруда өзінің функцияларын жедел орындау мүмкіншілігін беруге бейімделген.

5.2. Мемлекеттік қызметтердің базалық санаттарын автоматтандыру

ЭҮ моделдерінде қызметтердің (функциялардың) аз дегенде үш түрін атап көрсету қабылданған: G4C, G4B және G4G - бұл іске асырылатын функциялар. Қызмет беруші тұрғысынан G4C, G4B және G4G - бұл мемлекеттік қызметтер, оның нәтижелері заң күшіне ие. Әрбір мемлекеттік қызмет көрсетудің сапаға талабы мемлекеттік қызметтер көрсетудің стандарттарында бекітілген, - бұл тиісті іске асырылатын мемлекеттік функцияларды, бизнес-үдерістерді орындау, оның орындалуы мемлекеттік қызметтер көрсетудің регламенттерінде бекітілген.

Мемлекеттік қызметтердің базалық санаттарын автоматтандыру бағдарламаның басымдық міндеттерінің бірі болып табылады. Әрбір МО өздерінің мемлекеттік қызметтерін (іске асырылатын функцияларын) олардың функционалдық мазмұнының түрі, оларды ХҚО арқылы сай көрсетудің орындылығы, оларды қосымшада (1-кесте) көрсетілген функционалдық санаттарға сәйкес автоматтандырудың орындылығы бойынша жіктеуге әкеледі. Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру мақсатқа сай емес жағдайда талап етушілік дәрежесі мен автоматтандыру күрделілігі негізінде оларды басымдықтау жүргізіледі. Бағдарламада мемлекеттік қызметтердің аса талап етілетін санаттары тізімі қосымшаларда (2, 3, 4-кестелер) келтірілген базалық санаттар мен аталады.

Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды басымдықтау мемлекеттік органдарды ақпараттандырудың ведомстволық бағдарламаларына негіз болады. Мемлекеттік қызметтер тізілімі әлеуеттік және іс жүзіндегі автоматтандырудың - толығымен автоматтандырылған (медиа-ажырауларды ұстамайды), бірен-сарандап автоматтандырылмаған (медиа-ажырауларды ұстайды) автоматтандырылған, дәрежесін көрсетумен, жоғарыда атап өтілген мемлекеттік қызметтердің функционалдық және базалық санаттары бойынша жіктеумен толтырылатын болады. Осы тізілімнен әрбір автоматтандырылған мемлекеттік қызметке оны көрсетудің регламенті мен стандарты құрылатын болады. Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің типтік регламенті мен типтік стандарты әдістемелік материалдарды әзірлеумен толықтырылатын болады.

Электрондық мемлекеттік қызметтер ЭҮБАЖ құру көмегімен іске асырылатын болады.

G4C электрондық қызметтерін дамыту

Азаматтар үшін мемлекеттік қызметтердің аса басымды санаттары болып табылатын (өтініш және тапсырыстарды беру, анықтамаларды, ескертпе хаттарды, рұқсаттарды алу) электрондық қызметтерді құру және дамыту -

мемлекеттік қызметтердің автоматтандыруға жүйелілік қатынас іске асырылатын болады. Автоматтандырылған мемлекеттік қызметтерді беру мынадай БІАЖ: е-Әділет, е-Жұмыспен қамту, е-Әлеуметтік қамсыздандыру, е-Білім, е-Денсаулық сақтау, е-Кеден, е-Салықтар, е-Сауда құру немесе дамыту көмегімен іске асырылатын болады. G4C түріндегі мемлекеттік қызметтердің басымдық санаттары тізбесі Қосымшадағы 2-кестеде келтірілген.

G4B электрондық қызметтерін дамыту

Тиісті нормативті-құқықтық актілерді қабылдаумен уақыт бойынша бизнеске қажет ұштастыру үшін мемлекеттік қызметтердің аса басымды санаттары болып табылатын электрондық мемлекеттік қызметтерді (өтініш және тапсырыстарды беру, анықтамалар алу, ескертпе хат, рұқсаттар) құру және дамыту. Автоматтандырылған мемлекеттік қызметтерді беру мынадай БІАЖ: е-Әділет, е-Лицензиялау, е-Сатып алулар, е-Салықтар, е-Статистика, е-Кеден құру немесе дамыту көмегімен іске асырылатын болады. G4B түріндегі мемлекеттік қызметтердің базалық санаттарының тізбесі Қосымшадағы 3-кестеде келтірілген.

G4G электрондық қызметтерін дамыту

G2G қызметін құру мен дамытудың мақсаты мемлекеттік функциялар мен АКТ әкімшілік реформасын қолдауды тиімді іске асыру үшін мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейлерінде ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасауды автоматтандыру болып табылады. ЭУЕРР жүйесімен қажетті ықпалдасуды қамтамасыз ету және халық пен бизнеске электрондық қызметті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының ақпараттық жүйелерін жетілдіру жүргізілетін болады.

Бағдарламамен тиісті қолданбалы жүйелер шеңберінде G4G түріндегі айтарлықтай басымдық электрондық мемлекеттік қызметтерді құру мен дамыту көзделеді. Базалық санаттардың осы қызметтері қосымшада (4 кестеде) санамаланған. Осы санаттар бойынша G4C, G4B және G4G түріндегі нақты автоматтандырылған мемлекеттік қызметтердің жалпы тізімі аяқталу нысаны көрсетіле отырып жыл сайын жаңа қаржы жылының алдында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес бекітіледі.

"Электрондық әкімдіктер" құру және дамыту

Мемлекеттік қызметтердің айтарлықтай үлесі (шамамен 40%) жергілікті атқару органдарына тиесілі. Осы қызметтерді автоматтандыру табысына жалпы ЭӘ жұмысының тиімділігі байланысты болады. ЭӘ азаматтар мен бизнеске электрондық мемлекеттік қызметтер көрсететін аймақтық мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен мемлекеттік ақпараттық жүйелерді біріктіру арқылы аймақтық ЭҮ сияқты іске асырылатын болады. Барлық мемлекеттік қызметтер үшін толық автоматтандыруға қол жеткізудің мүмкін еместігін ескеру қажет. Алайда әртүрлі анықтамалар мен көшірмелерді беру жөніндегі айтарлықтай

талап етілетін мемлекеттік қызметтердің көпшілігі толық автоматтандырылатын болады. Мемлекеттік қызметтердің басымдық санаттарын автоматтандыру ЭҮ БІАЖ шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Барлық облыстық және қалалық ЭӘ үшін БІАЖ ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен әзірленген ЭҮ сәулетіне қойылатын бірыңғай талаптар базасында аймақтық бағдарламалар шеңберінде қалыптасатын болады.

Әкімдіктер жанынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы ақпараттандыру жөніндегі комиссияның ұқсас функцияларымен және уәкілеттіктерімен ақпараттандыру жөніндегі комиссия құрылатын болады. ЭӘ құру мен дамытудың аймақтық бағдарламаларын атқаруға әзірлік пен жауапкершілік атқару органдарына жүктелетін болады. Аймақтық ЭҮ құру мен дамыту бағдарламаларының атқарылуын қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылатын болады.

5.3. ЭҮ базалық инфрақұрылымы мен қол жеткізу тетіктерін дамыту

ЭҮ базалық инфрақұрылымының дамуы БКО кеңейту және ЭМ инфрақұрылымын құру жолымен жүзеге асырылатын болады. ЭҮ ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелеріне қол жеткізу тетіктерінің дамуымен бірге ЭҮ ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кешенді әдістеме енгізілетін болады.

Бірыңғай көліктік ортаны дамыту

БКО дамыту мемлекеттік органдарға көптеген қызметтерді беруге қабілетті тиімді және талап етілетін инфрақұрылымдар құруды қосады, оның ішінде:

қорғау мен қауіпсіздіктің бірыңғай саясаты;
мемлекеттік органдардың бар ведомстволық ақпараттық жүйелерін
ы қ п а л д а с т ы р у ;

көрсетілетін қызметтің қажетті қауіпсіздік және сапалық дәрежесін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың виртуальдық желісін (VTN) құру;

халық пен бизнес-құрылымдардың мемлекеттік органдардың жарияланатын ресурстарына қауіпсіз қол жеткізуін қамтамасыз ету;

мемлекеттік органдардың Интернет ресурстарына қауіпсіз қол жеткізуін
қ а м т а м а с ы з е т у ;

мемлекеттік органдар үшін байланыстың ведомстволық желісін құруға
ш ы ғ ы н д а р д ы т ө м е н д е т у ;

деректер беру қызметтеріне шығындарды төмендету.

Деректер берудің мультисервистік желісі байланысты ұйымдастыруға қазіргі катынасы. Бірыңғай желі қолданбалы міндеттер жұмысын қамтамасыз етеді, ішкі

ведомствалық телефон байланысы мен бейнеконференцбайланысты береді, қызметшілерді қашықтан оқыту қосымшалары жұмыстары үшін ортаны қарастырады, азаматтардың немесе қызметтерді тұтынушылардың өтініштерін өңдеуді автоматтандыру міндеттерін шешеді.

МО БКО желісі АКТт байланысқан магистралдық арналарынан тұрады, әрбірі қолданбалы жүйелер трафигін басқару мен мониторингінің кең мүмкіндіктерімен қамтамасыз етілген. Data-орталықтарды қосатын АКТт барлық облыс орталықтары мен Алматы және Астана қаласында ұйымдастырылатын б о л а д ы .

Аудандық деңгейге дейінгі елді мекендерді қамтумен МО БКО спутниктік сегментін құру жөніндегі жұмыс жалғасуда.

"Электрондық әкімдіктер" инфрақұрылымын құру және дамыту

Астана және Алматы қалаларында және барлық облыстық орталықтарында ЭӘ ықпалдастырылған базалық құрамдас бөліктері құрылады. ЭӘ және "Электрондық үкімет" біріктіру, бірінші тараптан, және жергілікті ақпараттық ресурстар мен ақпараттық желілер өзара, екінші тараптан аймақтық АКТ құрамдас бөліктері - аймақтық шлюзінің көмегімен жүзеге асырылатын болады.

